

Қарағанды облысы Абай ауданы Көксу ауылдық округі Көксу ауылының көшелерін қайта атау туралы

Қарағанды облысы Абай ауданы Көксу ауылдық округінің әкімінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 7 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 желтоқсанда № 31413 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып және Қарағанды облысы әкімдігінің жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 20 мамырдағы қорытындысы негізінде **ШЕШТІМ:**

1. Қарағанды облысы Абай ауданы Көксу ауылдық округі Көксу ауылының көшелері:

Октябрьская көшесін Достық көшесіне;

Центральная көшесін Орталық көшесіне;

Почтовая көшесін Наурыз көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Көксу ауылдық округінің әкімі

А. Таран